

СЕНІМ - СЕНІ АЛҒА ЖЕТЕЛЕР ҮЛКЕН КҮШ!

Сенім адамның белгілі бір түсініктеріне сәйкес қажеттіліктерін қанағаттандыру жүйесі. Қажеттіліктерін орындау жолында адам дүниетанымдық көзқарасында, табиғат пен әлеумет заңдылықтары жөніндегі ұғымдарына, өмір тәжірибесіне сүйене отырып іс-әрекет жасайды. Адамның адалдығына сеніп, оны құрметтей білу – әдептілік. Сол сияқты бүкіл әлемге жақсылық ойлау адамның тұлғалық бейнесі.

Қазіргі заман бәсекелестік заманы болғандықтан, оқушылар, жалпы жастар қауымының арасында өнерге, білімге деген құлшыныс күн өткен сайын арта түсуде. Осы мақсатта, алдағы армандарын, ойларын нақтылау мақсатында қара шаңырақ, яғни әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да бірнеше іс-шара, дөңгелек үстелдер болып тұратыны анық.

Тек өзіңе сеніп, алға қарай ұмытыла білсең, арманың жолында аянбай тер төгіп, күресе білсең ғана жеңіс сенде болатыны белгілі.

Қорыта келе, біз бір-бірімен жарыса шапқан мынадай бәсекелестік заманында соған сай азаматтар мен азаматшаларды тәрбиелеуді, оларға дұрыс білім беруді қолымызға алып отырмыз. Бұл біздің міндетіміз. Сол үшін сол жолда аянбай еңбек етуден тайынбаймыз. «Жүйріктен жүйрік озар жарысқанда» демекші әрбір оқушыны өз жолында жүйрік етіп шығаруды басты мақсатқа қойып отырмыз. Сонда ғана мемлекетіміз қуатты, білімді, алдыңғы қатарлы ел болады деп білеміз және солай боларына сенеміз!

Базарбаев Е., Мұхаметұлы Б.

ЖЕКЕ ТҰЛҒАНЫҢ АДАМДЫҚ БЕЙНЕСІ

Тәрбие, тәлім-тәрбие – жеке тұлғаның адамдық бейнесін, ұнамды мінез-құлқын қалыптастырып, өмірге бейімдеу мақсатында жүргізілетін жүйелі процесс.

Бесік тәрбиесі, балдырған тәрбиесі, өрен тәрбиесі, жасөспірім тәрбиесі, жастар тәрбиесі бір-бірімен жалғасып, өз ерекшеліктерімен жүзеге асырылады. Тәрбиенің мақсаты адам бойында ізгілік, инабаттылық қасиеттерін және тіршілікке қажетті дағдылар қалыптастыру болып табылады.

«Адамға ең бірінші тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім – азаматтың қас жауы, ол келешекте оның барлық өміріне апат әкеледі» депті әл-Фараби бабамыз. Мұнан өз тағдырын өзін шешуге қолы жеткен халқымызға ұлттық рухани болмысты дұрыс қалыптастыру аса қажет екенін байқаймыз.

Отанына деген сүйіспеншілікті қалыптастыру мәселесі – бүгінгі күннің білім беру жүйесі алдында тұрған маңызды міндеттерінің бірі.

Отан дегеніміз – халық. Халық дегеніміз – адам. Адамды сүю – оған жақсылық жасау. Ендеше отаншылдық – сонау ерте заманнан қалыптасып келе жатқан қасиетті сезім. Халықтық құндылықтарға сүйене отырып, елдікке, ерлікке, азаматтыққа тәрбиелеудегі өлең - жырлар, мақал-мәтелдердің әсері ұтымды болатындығы туралы танымал педагогтарымыз айтып та, жазып та жүр.

Бұл дегеніміз қара шаңырақ ҚазҰУ-дың әрбір студентіне біз ең алдымен дұрыс тәрбиені көрсетіп, одан ары білімін шыңдауымыз қажет.

Искаков Б.А., Садықов Т.Х.

ҚАРА ШАҢЫРАҚ ҚАЗҰУ

Адамзат баласының қол жеткізген ұлы игіліктерінің бірі – білім қазынасы. Ал білім сипаты алуан түрлі. Ол ұрпақтан-ұрпаққа ауызша, жазбаша түрде немесе көркем әдебиет арқылы да жеткен. Кітап адам баласының сан ғасырлық ақыл-ойының жемісі, тарихи мен тағылымының алтын сандығы. «Кітап дегеніміз – алдыңғы ұрпақтың артқы ұрпаққа қалдырған рухани өсиеті. Кітап оқудан тиылсақ, ой ойлаудан да тиылар едік» деген еді Ғабит Мүсірепов.

Адамзат баласы ақиқатқа талпынады, шынайы пайдалы білімге талпынады. Оның шегі қайда апаратыны белгісіз. «Білім – күш» деген сөзді Ф.Бэкон айтқан, бірақ ол адамзатты бақытқа бөлейтін жақсы күш пе, әлде сорлататын, құртатын жаман күш пе, бұл туралы да талас көп. Осы тұста бізге мол білім беретін оқу орнымыз жайлы айта кетсек.

Ұлы армандарымыз бастауы болған ҚазҰУ-да оқығаныма мен бақыттымын. Себебі мен мұнда өз армандарымның орындалуы үшін күресудемін. Енді мұндағы қысқа уақыттың ішіндегі өзгерістерге көз жүгіртсек.

Мен қара шаңырақ әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінде білім алып жатырмын. Осында келгелі бізге өздерінің білімдерін аямай төгіп жатқан, ол біздің ұстаздар еді. Жүрегімізден ерекше орын алған сол тұлғалар жайында мен біраз әңгімеді өрбітпекпін. Бізге әр семестр сайын әр кафедраның ұстаздары бір-бір сабақтан беріп келеді. Ол тұлғалардан біліммен қатар, біз бойға өнегені, тәрбиені, адамгершілік сынды қасиеттің бәрін аламыз десек артық айтқаным болмас.

Талхат А., Тоқтарбай С.

ӨЗ ТІЛІҢДІ ҚҰРМЕТТЕ!

Тіл – ұлттың жаны, рухы, оның бет-бейнесі, өткені мен бүгінгі және болашағы. Ғұлама ғалым А.Байтұрсынұлы: «Сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады», – деп тілдің ұлт үшін қандай маңызды екенін бір-ақ ауыз сөзге сыйдырған. Әлемде жаулап алушы елдердің озбырлығынан, үстемдігінен қаншама тіл жоғалып кетсе, қаншама тіл жоғалудың аз-ақ алдында тұрғаны мәлім. Сондықтан қазіргі жаһандану дәуірінде аз ұлттар мен ұлыстар өз тілдерін қорғап қалуға барынша күш салуда. Қазақстан Республикасы қазақ тілінің ғана емес, қазақстанда тұратын барлық ұлттар мен ұлыстардың тілінің дамуына барынша жағдай жасап отыр. Елбасымыздың 22- қыркүйекті «Қазақстан халықтарының тілдері күні» деп жариялау да сол мақсаттан туған.

Қазіргі таңда әлемнің алпауыт мемлекеттері көп тілді, әсіресе халықаралық тілдерді меңгеруді маңызды міндет деп санайды. Сондықтан біз де өз халқымыздың қарыштап дамып, өркеніеттен кенже қалмауы үшін көп тілді меңгеруіміз қажет. Бұл заман талабынан туындап отырған қажеттілік. Себебі, бірнеше тілде еркін сөйлей де, жаза да білетін маман бәсекеге қабілетті тұлға айналатыны сөзсіз. Осы ретте, президентіміз Н.Ә.Назарбаевтың: «Қазір біз балаларымыз қазақ тілімен қатар орыс және

ағылшын тілдерін де белсенді меңгеру үшін жағдай жасауға шаралар қабылдап жатырмыз. Үштілділік мемлекеттік деңгейде ынталандырылуы керек» деген болатын 2012 жылы 14 желтоқсандағы Жолдауында.

Ана тілімізді білу, онымен еркін сөйлеу ол мақсат емес, міндет. Қазіргі таңда бұл жағдай бір мәселеге айналып отырған секілді. Ал өзге тілдер, әсіресе, халықаралық ағылшын тілі, біздің болашағымыз үшін, мақсаттарымыздың орындалуы үшін үйренілуі керек тіл. Сол себепті, даму үстіндегі ел болғандықтан, еліміздің өркендеуіне септігімізді тигізгіміз келсе, ағылшын тілін білуіміз қажет.

Міне, осы тұста қара шаңырақ әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің физика-техникалық факультетінің теориялық және ядролық физика кафедрасы «Ағылшын тіліндегі мерзімді ғылыми басылымдар» атты үйірмені ашып отыр. Ол үйірмені сіз дипломдық жобаңызға байланысты қандай мақалалар, өзге де ақпараттар жайын біле аласыз.

Сөзімді қорытындылай келе, ана тілімізде әдеби сөйлеп, өзге тілдерді үйреніп, жан-жақты азамат бола білейік!

Анапия М., Тоқтарбай С.

ҮЗДІКСІЗ ДАМУ –ЗАМАН ТАЛАБЫ

Қазіргі заман күннен-күнге дамып келеді. Әр күні түрлі жаңа дүниелер шығу үстінде. Жаңадан бір дүние жасалынып, оны жасау ұзақ уақытты талап етсе, уақыт өте өзге бір ғалым оның жеңіл жолын табуда. Міне, қазіргідей бәселестік заманында адамды таңқалдыра білу қиын. Осы тұрғыдан өзгелерге қызықты мәліметтер қатарын көбейту мақсатында ҚазҰУ-дың оқытушылары Нурбакова Г., Алибаева А. робот жасаудың жаңа тәсілдері атты жаңа үйірмені өткен жылдарда жасаған болатын.

Бұл үйірме жайында айтпас бұрын, робот жайындағы соңғы жаңалықтарға құлақ түрsek. Робот қоршаған әлеммен әрекеттескен кезде адамның (жануарлардың) қызметтері мен іс-әрекеттерін ішінара немесе толық атқарады. Алғашқы роботтар адамның қозғалысы мен сырт пішінін қайталады. Олар ойын-сауық мақсаттарында пайдаланылды. Қазіргі кезде тұрмыстағы көптеген қызметтерді атқаратын, қадағалайтын, мүгедектер мен сәбилерге көмекші, көңілін аулайтын, т.б. роботтар жасалынып, интеллектуалдық роботтар да пайда бола бастады. Робот техниканың дамуы барысында адамдарды бірсарынды ауыр жұмыстардан, жоғары радиациялы, жоғары немесе төмен температура жағдайларындағы және адам қатынауы қиын жерлердегі (су астында, ғарышта) жұмыстардан босататын автоматтық құрылғылар мен механизмдер түрінде жасалып, олар үнемі жетілдіріле түсуде. Мұндай құрылғылар мен механизмдер өнеркәсіптік роботтар деп аталады. Өнеркәсіптік роботтар – өндіріс процесінде адамның қозғалу және басқару сияқты іс-әрекеттерін (өндіріс заттарының орнын ауыстыру, т.с.с.) және технологиялық құралдардың (айла-төтіктердің) қызметтерін орындайтын автоматтық машина. Адамның қатысуынсыз бір немесе бірнеше технологиялық операцияны, өңделетін бұйымды тиеу мен түсіруді қоса алғанда автоматты түрде орындайтын технологиялық өңдеуші машиналардың, өндірістік машиналардың, тасымалдау және көмекші жабдықтардың жиынтығын робот-техникалық кешен деп атайды.

Міне, осы және өзге де робот жайындағы мәліметтер, жасалу әдістерін білгің келсе, осы үйірменің дөңгелек үстелдеріне қатыссаңыз болады.

Белисарова Ф.Б., Малыбаев А.

ҚАЗҰУ – БІЛІМ МЕН ТӘРБИЕ ҚАЗЫНАСЫ

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласында «XXI ғасыр – білім мен біліктің дәуірі. Әр адам өзін үздіксіз жетілдіріп, жаңа кәсіптерді игеріп, үнемі заман ағымына бейімделу арқылы ғана бәсекелік қабілетін арттыра алады. Білім мен технология, жоғары еңбек өнімділігі ел дамуының басты қозғаушы күші болуға тиіс. Біздің мақсатымыз – келер ұрпаққа Қазақстанды тұғыры мығым, экономикасы қуатты, рухы асқақ мемлекет ретінде табыстау және елдік істерді шашуа шығармай лайықты жалғастыратын жасампаз ұрпақ тәрбиелеу» деп халықты ғылым мен білімге жетелейтіндей айқын мақсат қойылған. Аталған мақсатқа жету жолында аянбай еңбек етіп келе жатқан еліміздің үздік оқу орны – Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті.

Қазақ Ұлттық университетінде кез келген жас оқуда, ғылымда, шығармашылықта, спортта, көшбасшылықта өзін-өзі дамыта алатындай барлық жағдайлар жасалған.

Университет құрамында 16 факультет, 67 кафедра, 32 ғылыми-зерттеу институты мен орталықтар, технопарк, оған қоса, «Kmlab» Коника Минолта озық технологиялар зертханасы, KazNU-INTEL орталығы, НР зертханасы, РФ серіктестігімен Каспийский зертханасы, Samsung инновациялық қызмет көрсету академиясы, америкалық Autodesk корпорациясымен екі жақты әріптестік туралы келісімге қол қойылғаннан кейін Autodesk және т.б. заманауи орталықтар қызмет атқарады. Сонымен қатар, Қазақ Ұлттық университетінің ұйымдастыруымен Пекин шет тілдер университеті жанында Қазақстан орталығы, Шанхай шет тілдер университетінде Қазақстан орталығы, қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасы, Химия және химиялық технология факультетінің Карачи қаласындағы халықаралық орталығы (Пәкістан), Росток қаласы университетіндегі химиялық бірлескен зертхана (Германия), Стамбул және Дели қалаларындағы әл-Фарабидің 1150 жылдығына орайластырылған «әл-Фараби мұражай үйі» сияқты көптеген ғылыми, мәдени орталықтар ашылған.

Университеттің маңызды міндеттерінің бірі – түлектердің жұмыспен қамтылуын қамтамасыз ету. Жыл сайын университет қабырғасынан түлеп ұшқан түлектер сәтті жұмысқа орналасуда. Жоғары білімді кадрларды дайындау және оларды кейіннен жұмысқа орналастыру үшін университет мемлекеттік және меншік кәсіпорындармен және ұйымдармен тығыз байланыс орнатады.

Қазіргі қоғамға қажетті түлектердің құзыреттіліктерін қалыптастыру үшін университетте оқу үдерісінің сапасын арттыру бойынша ауқымды жұмыстар жүргізілуде: факультеттерде компьютерлік және лингафондық лабораториялардың жұмысы ұйымдастырылған, дәріс залдары мультимедиялық жабдықтармен жабдықталған. Студенттердің өзіндік жұмысын ұйымдастыру үшін оқу ғимараттарында Wi-Fi нүктелері орналасқан, оқу ғимараттарының фойесінде студенттерді сергіту орындары жабдықталған. Көгалдандырылған университет кампусы, әсіресе «Аквалоника» су-саябақ аймағы студенттердің демалуы мен күш жинауына жағдай жасайды.

Университеттің 16 факультетінде оқитын мыңдаған студенттер мен магистранттарға, докторанттарға және оқытушылар мен қызметкерлерге оқу, ғылыми-зерттеу үдерістеріне ақпараттық-кітапханалық қызмет көрсететін әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің негізгі құрылымдық бөлімшелерінің бірі Әл-Фараби кітапханасы болып табылады. Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің ғылыми кітапханасы 1934 жылы университетпен бір уақытта құрылды. 2012 жылы кітапхана шығыс стилінің элементтерімен үйлесімді жаңа технологиялармен және коммуникациялық шешімдермен жабдықталған заманауи жаңа ғимаратқа көшті. 2014 жылы кітапханаға «Әл-Фараби кітапханасы» атауы берілді. Кітапхана EBSCO, Springer, Elsevier мәліметтер базаларына, сондай-ақ Polpred толық мәтінді базасына, IPRbooks электронды кітапханалар жүйесіне, «Заң – Закон», «Эпиграф» отандық дерекқорларына жазылуға және әлемдегі ең ірі баспагерлердің электронды кітаптарына (EBooks) шектесіз қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Жоғары кәсіби қасиеттері бар болашақ маманның қалыптасуының маңызды факторларының бірі ретінде университетте студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарына үлкен мән беріледі. Университет аясында Жас ғалымдар кеңесі мен Студенттердің ғылыми қоғамы қызмет етеді. Жыл сайын университет базасында АҚШ, Еуропа, Азия елдері ғалымдарының қатысуымен халықаралық ғылыми конференциялар өткізіледі. Жас ғалымдарға әлемдік тәжірибені қолдана отырып, ғылыми зерттеулермен айналысуға мүмкіндік беретін студенттердің, магистранттардың және докторанттардың «Фараби өлемі» атты халықаралық конференциясы ерекше маңызға ие.

Университет аумағында 14 студенттер үйі және 1 жас ғалымдар үйі бар. Студенттерді жатақханаларда орналастыру оқу үлгерімі мен қоғамдық жұмыстарға қатысуын ескере отырып жүзеге асырылады. Студенттердің жеңілдетілген санаттары үшін жатақханадан орын кезексіз беріледі. Студенттерді жатақханаға орналастырумен және студенттер үйіндегі іс-шараларды ұйымдастырумен айналысатын Жоғары студенттік жатақхана кеңесі атты ұйым жұмыс істейді.

Қазақ Ұлттық университеті студенттердің бос уақытын ұйымдастыруға үлкен көңіл бөледі. Дарынды, шығармашылық қабілеті жоғары білім алушылардың көркем шығармашылығы мен өзін-өзі дамыту үшін жыл сайын республикалық және халықаралық фестивалдар мен байқаулар ұйымдастырылады. Студенттер сарайының жанынан құрылған түрлі клубтар мен шығармашылық ұжымдар жұмыс істейді. Дарынды спортшыларды қолдау және дарынды студенттерді спортқа баулу мақсатында жыл бойы университетте факультеттер арасында жарыстар өткізіледі. Университеттің спорттық өмірін жүзеге асыруға арналған арнайы спорт кешені мен стадионы университет студенттері мен қызметкерлерінің сүйікті мекені.

Жалпы тіл білімі және еуропа тілдері кафедрасының профессоры Ж.К. Ибраева, оқытушылары Г.С. Нәбиева, Қ. Жақсылыққызы